«КЕЛІСІЛДІ»
«Мұғалжар ауданының
білім бөлімі»
ММ әдістемелік кабинеті
_______ Г.Қ. Нұрмағанбетова

«_08_»___09_____ 2021 ж.

«БЕКІТЕМІН»
«Қарлығаш» бөбекжай-
бақшасы»
МКҚК меңгерушісі
_______ К.С.Медеуова

«_28_»___08_____ 2021 ж.

# Вариативтік компонент
# «Тіл болашағы ұрпақта»

Бағдарламаны дайындаған:
№13 «Балақай» ортаңғы тобының тәрбиешілері:
Михаеш Г.М, Нуриева А.Е

*Қандыағаш қаласы*

**«Қарлығаш»бөбекжай-бақшасы»МКК**
**Тәрбиеші А.Е. Нуриева мектеп жасына дейінгі**
**балаларға арналған «Тіл болашақ ұрпақта!»**
**атты вариативтік компонентіне**

# Пікір

Қалап алынған тақырып өзекті мәселенің бірі деп санаймын. Бұл бағдарламаның ең негізі мақсаты балаларды оқу білім дағдыларына көңілді жадыратар сабақ ретінде қалыптастыру. Автор тіл-болашаққа бастар, айқын да нақты жол екеніне көңіл бөле отырып, мектепке дейінгі ересек жастағы балалар тобына арнап құрастырған. Бағдарлама да балалардың ұлттық болмысын айқындап,тіл арқылы ауызекі сөйлеу, айналасымен тығыз қарым-қатынас жолдары қамтылған. Қоршаған ортада болып жатырған өзгерістерді, балалардың ой-өрісін кеңейту сөздік қорларын молайту бағдарламаның мазмұнында қарастырылған. «Тілсіз болашақ жоқ» ұғымын балалардың бойына сіңіру үшін жұмбақ, жаңылтпаш, тақпақтарды пайдалана отырып, сөздік қорын байытуға көңіл бөлінген. Жас ұрпағымызды тәрбиелеуде олардың ой-өрісін, тілін, сөздік қорын байыта отырып, қоршаған ортаға деген сүйіспеншіліктерімен қамқорлығын арттырудың маңызы зор. Балаларды жан-жақты тәрбиелеудегі негізгі мәселенің бірі дамытушылық ойын әрекеті арқылы тани білу қамтылған. Бағдарламаның мазмұны балалардың жас ерекшелігіне сай және қызықты. «Тіл болашағы ұрпақта!» атты тақырыпта алғы сөз, түсінік хат,күтілетін нәтиже жас ерекшеліктеріне сай жасақталған. Бағдарлама аптасына бір рет базистік жоспардың жылжымалы бөлігінде жүргізіліп вариативтік сағаттарды тиімді орындауға жоспарланған.

**«Қарлығаш» бөбекжай-бақшасы**
**МКҚК әдіскері:__________Г.С.Құлжанова**

## Түсінік хат

Балаларға әртүрлі ойындар ойната отырып балалардың тілін ашу, сөйлету, ана тілін тереңірек игеруге қызығушылығын арттыру көзделген.

Бүгінгі таңда жас сәби бүлдіршіндердің өз ана тілінде, өз халқының рухына тәрбиелеу қажет екендігі ескеріле отырып, жас ұрпақтың тілін жаттықтыру, ойын дамытуға көп көңіл бөлуге бейімделіп дайындалған бағдарлама.

Бағдарламаның әр бір бөлімінде оқу – тәрбие жұмыстарымен тығыз байланысты, бірін-бірі толықтырады, білімділік, тәрбиелік дамытушылық маңызы зор.

Жас жеткіншектердің бойында еліміздің өткені мен бүгінгі, болашағына ілтипатпен қарауға, туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыруға, ақылды кені данағой данышпандарымыздың сөздерін насихаттау көзделген.

Бағдарламаны мектепке дейінгі тәрбие мекемелері жұмысында, ересек топтарындағы тәрбиешілерге көмекші құрал ретінде ұсынуға болады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту,ойлау есте сақтау қоршаған ортаны танып білу,адамгершілік қасиеттерін дамыту жолында ана тіліміздің орны ерекше.Тіл-ұлт мәдениетінің қайнар көзі.Әр халықтың ұлттық дәстүрінің,сана сезімінің сөйлеу,ойлау тәсілінің,мінез-құлқының,мәдениеті мен әдебиетінің айрықша белгілері тіл арқылы бейнеленеді.Тіл өнерінің құнын халқымыз өте биік бағалап, «Өнер алды-қызыл тіл»деген.Тіл-адамның өмірлік қажетін өтейтін қатынас құралы.Сондықтан баланы дұрыс сөйлей білуге үйретудің маңызы зор. Баланың тілін жаттықтырып,ойын дамытуға көп көңіл бөлінеді.Әсіресе баланың жас ерекшелігіне қарай айтылатын қызықта тартымды өлеңдер,тақпақтар,жаңылтпаштар бала ұғымын кеңейтумен бірге,дыбыстарды дұрыс айтып үйретуге баулиды,сөздік қорын байытады.Қазіргі заманда жас ұрпақымызды өз ана тілінде,өз халқының рухында тәрбиелеуіміз қажет.Ана тілін дамыту қазақ халқының ғасырлар бойы жинаған ауыз әдебиеті.Өйткені ұрпақтан ұрпаққа мұра болып келе жатқан халық шығармашылығы-ғажайып ертегілер,мақал-мәтелдер жұмбақтар,жаңылтпаштар-тәрбие әліппесі өнер көзі.Қазақ тілі жас бөбектердің ой-өрісін дүниетанымын кеңейтеді.Балаларды адамгершілікке,еңбекке,тапқырлыққа,туған жерін сүюге тәрбиелейді.

«Тіл болашағы ұрпақта!» бағдарламасы 1 жылдық оқу жылына көзделген.

Бағдарлама ересек тобына жылына 36 сағат есептелген, аптасына 1сағат, ұзақтығы 15-20 минут.

**Мақсаты:**

Балалардың тіл байлықтарын кеңейту,ойлау,есте сақтау қабілеттерін арттыру.Әр түрлі ойындар ойната отырып,балаларды сөйлету, қазақ тілін білуге деген қызығушылықтарын арттыру.Сөздік қорын молайту.

**Міндеті:**

Әр балаға жеке тұлға ретінде жеке басына сыйластықпен, түсіністікпен қарау.

**Күтілетін нәтиже:**

Мемлекеттік тілдің грамматикалық дұрыс құрылымдарын меңгерту;
Сөйлеу барысында тілдің грамматикасын сақтауға үйрету;
Әңгімелеу (монологтік тіл) және сөйлеу (диалогтік) тілін дамыту.

## Вариативтік бөлімі тақырыптық жоспар

## «Тіл болашағы ұрпақта!»

| № | Тақырып | Сағат саны | Өтілетін күні |
|---|---|---|---|
| 1. | «Алтын дән» өлеңі К.Ахметова | 1 | |
| 2. | «Отаным-алтын бесігім» | 1 | |
| 3. | «Менің елімнің рәміздері» | 1 | |
| 4. | «Жемістер жыры»(өлеңді жаттау) | 1 | |
| 5. | «Бақа мен екі қаз». Қуыршақ театры. | 1 | |
| 6. | « Үй жануарлары » | 1 | |
| 7. | «Сыпайылылық сабақтары» | 1 | |
| 8. | «Қасқыр мен жеті лақ» ертегісі | 1 | |
| 9. | Ана тілім-тәттісің Жаттау. Н.Жанаев | 1 | |
| 10. | Дос іздеген бота. Көлеңке театры. Ж.Қалжанова | 1 | |
| 11. | «Кішкентай бағбан» (әңгімелеу) | 1 | |
| 12. | «Кітап – білім бұлағы» | 1 | |
| 13. | Ажарлы қыс | 1 | |
| 14. | Табиғат сыйы. Сурет бойынша әңгіме. | 1 | |
| 15. | «Су бар жерде, береке бар» | 1 | |
| 16. | Бақытты отбасы. Әңгімелеу. | 1 | |
| 17. | «Арыстан мен тышқан» | 1 | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 18. | «Әдептілік әлемі» | 1 | |
| 19. | «Бес саусақ бірдей емес» аңыз- ертегі | 1 | |
| 20 | «Кел, ойланайық» | 1 | |
| 21 | Мақал-мәтелдер айтысы. | 1 | |
| 22 | Жаңылтпаш. | 1 | |
| 23 | Үлкендерді құрметтеу және кішіге ізет көрсету. Әңгімелеу. | 1 | |
| 24 | Қайырымды қарлығаштар. Ертегі сахналау. Ә. Табылды. | 1 | |
| 25 | Қазақстан болашағы-білімді ұрпағында. | 1 | |
| 26 | «Менің сүйікті анам» | 1 | |
| 27 | «Көктем келді» | 1 | |
| 28 | Астана. Т. Молдағалиев. | 1 | |
| 29 | «Менің қанатты достарым» (сурет бойынша әңгіме) | 1 | |
| 30 | Қазақстанның емдік шөптері. | 1 | |
| 31 | «Ақсақ құлан» аңыз | 1 | |
| 32 | Ата заң. | 1 | |
| 33 | Сүйікті қалам. Сурет бойынша әңгіме. | 1 | |
| 34 | «Достық мерекесі» | 1 | |
| 35 | «Бабалар өмірі-ұрпаққа өнеге» | 1 | |
| 36 | Батыр қыз. Жаттау. С. Жиенбаев | 1 | |

**Вариативтік бөлімі тақырыптық жоспар**
**«Тіл болашағы ұрпақта!»**

| № | Тақырып | Мақсаты | Сағат саны |
|---|---|---|---|
| 1. | «Алтын дән»өлеңі К.Ахметова | Еңбекке қызығушылықты қалыптастыру және оның нәтижелерін қадірлеуге үйрету,адамгершілікке тәрбиелеу. | |
| 2. | «Отаным алтын бесігім» | Балалардың туған елі-Қазақстанға,туған жеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыру,елінің байлығын,табиғатын,халқының тұрмыс-тіршілігін айтып түсіндіру,ойлау қабілетін жетілдіру. Тіл байлықтарын байыту. | |
| 3. | «Менің елімнің рәміздері» | Өлеңді дауыс ырғағын келтіре отырып оқу,мазмұнын ашу, балаларды еліміздің рәміздерін қастерлеуге, туған жерін, отанын сүюге тәрбиелеу,имандылық, адамгершілік тәрбиесіндегі үлгі өнеге сөздерді үйретіп,елді қорғауға баулу. | |
| 4. | «Жемістер жыры»(өлеңлі жаттау) | «Жемістер жыры »өлеңінің мазмұнын ашу:өлең ырғағын келтіре отырып,өлеңнің тіл ерекшелігін,көркем сөздерін түсіну.ойлау қабілетін дамыту; олардың пайдасы,құрамындағы дәрумендері туралы түсініктерін кеңейту;табиғатты сүюге,қорғауға тәрбиелеу. | |
| 5. | «Бақа мен екі қаз» Қуыршақ театры. | Балаларға ширмада мәтін бойынша рөлдерді орындауға,қуыршақтарды қозғалтуға үйрету.Іс-әрекет қимылдарды музыкалық композициямен көркемдеу.Балалардың халық ертегілеріне деген сүйіспеншіліктерін ояту. | |
| 6. | «Үй жануарлары» | Үй жануарларының белгілерін анықтау;үй жануарларының жабайы жануарлардан айырмашылығын айтып түсіндіру;үй жануарларының ішіндегі түйемен таныстыру;балаларды үй жануарларына тән белгілерді анықтауға үйрету. | |
| 7. | «Сыпайлылық сабақтары» | Балаларды адамдардың арасындағы қарым-қатынастың адамгершілік нормаларымен,әлеуметтік ортадағы жүріс-тұрыс ережелерімен таныстыруды, сыпайылықтың қарапайым дағдыларына тәрбиелеуді жалғастыру. | |
| 8. | «Қасқыр мен жеті лақ»ертегісі | «Қасқыр мен жеті лақ»ертегісін естеріне түсіру, тіл байлықтарын | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | тәрбиесі туралы әңгімелеу. Қамқорлыққа,әдептілікке тәрбиелеу. | |
| 17. | «Арыстан мен тышқан» | Ертегі арқылы балаларды табиғатты қорғауға, ертегінің мазмұнын басты кейіпкерлердің мінез құлығына баға бере отырып, өз ойларын жеткізе білуге баулу. Өз түсініктерін кейіпкерлендіру арқылы көрсете білуге дағдыландыру. Бір-біріне қамқор болуға адалдыққа шыншылдыққа тәрбиелеу. | |
| 18. | «Әдептілік әлемі» | Өлеңді мәнерлеп оқу,сөздердің мағыналарын түсіндіру. Өлең арқылы балаларды шығармашылық ойлау қабілетін дамыту,әдептілік туралы өз ойларын ашып айта білуге баулу. Әдепті,кішіпейіл,мейірімді болуға тәрбиелеу. | |
| 19. | «Бес саусақ бірдей емес» аңыз-ертегі | Ертегіні оқу арқылы мазмұнын түсінуге үйрету. Диолог сөздерді мәнеріне келтіре айту дағдысын қалыптастыру. Балалардың халық ертегілеріне деген сүйіспеншілігін ояту. Есте сақтау қабілетін дамыту. | |
| 20. | «Кел, ойланайық» | Балаларды логикалық ойлауын дамытады,іс-әрекетті теңеумен,жанама атаулармен бейнелей білуге, тапқырлыққа баулиды, ой-қиялын ұштастыру, сөздік қорын байыту. | |
| 21. | Мақал-мәтелдер айтысы. | Балаларға қазақ халқының би,шешендері бір ауыз ұтымды сөзбен ,оралымды,келісті мақал-мәтелмен небір дау-дамайларды шешкен. Сондықтан да мақал-мәтелдерді үйрену,оның мағынасын түсіндіру,шебер де әдемі сөйлеуге үйрету. Отыз тістен шыққан әр сөздің өзіндік терең мағынасы бар екендігіне баулу. | |
| 22. | Жаңылтпаш | Халық шығармаларының ішінде балалны дұрыс та,айқын сөйлеуге үйреткен,тілін жаттықтыруға бейімдейтін жанр-жаңылтпаш. Балаларды жатық сөйлеуге,нақты сөйлеуге,тіл ұстартуға,өмірде кездесетін жаңа терминдерді тез үйретуге тәрбиелеу. | |
| 23. | Үлкендерді құрметтеу және кішіге ізет көрсету.Әңгімелеу. | Әңгіменің мазмұныны айтуды меңгеру. Өмірмен байланыстыра айту дағдысын дамыту. Ата-анаға,үлкендерге сыйластығын тәрбиелеу. Төңірегіндегілерге қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу. | |
| 24. | Қайырымды қарлығаштар.Ертегі сахналау.Ә.Табылды | Поэзия тілінде жазылған ертегіні түсіне білуге үйретіп,қара сөзбен айтып беру шеберлігін қалыптастыру. | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Поэзия мен прозаны ажырата білуге дағдысые дамыту. | |
| 25. | Қазақстан болашағы-білімді ұрпағында. | Балаларды ана тілін сүюге,адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру,бабалардан қалған ұлағатты ғибрат сөздерді түсіндіріп,содан үлгі-өнеге алуға баулу. Қазақстан патротизмін қалыптастыру. | |
| 26. | «Менің сүйікті анам» | Сұрақ-жауап әдісі арқылы әңгіме құрастыруды үйретуді жалғастыру,алгоритмдік машықтарын дамыту. Сөз тіркестерін,сөздерді және дыбыстарды анық,дауыстап айтуға жаттықтыру. Анасы туралы пікірін тиянақты,еркін жеткізе білуге талпындыру. | |
| 27. | «Көктем келді» | Тәрбиешінің сұрақтарына байланысты жауаптар қайтаруға(қар еріді,құстар ұшып келеді),сөз тіркестерін құрастыруға үйрету. Жұмбақтардың мағынасын түсінуге, сурет арқылы шешеулерін табуға үйрету. | |
| 28. | Астана. Т.Молдағалиев. | Нұр-Сұлтан-Біздің Отанымыздың астанасы. Қазақстан өте үлкен мемлекет,1961 жылға дейін қала Ақмола болғанын,1961-1992 жылдар аралығында Целиноград деп аталғанын,1998жылдың мамырынан бастап Астана болғанын тереңірек түсіндіру. | |
| 29. | «Менің қанатты достарым» (сурет бойынша әңгіме) | Балаларды табиғаттағы құстарды аялап,күтуге баулу. Үнтаспадан құстардың үнін тыңдатып,дауыстарын шамалары жеткенше айыра білуге үйрету. Құстарға деген қамқорлық көзқарастарын тереңдету. | |
| 30. | Қазақстанның емдік шөптері. | Балаларға емдік шөптердің шипалылық қасиеттері жайлы балалардың түсініктерін кеңейтіп,оларды тани білуге,қоршаған ортаны,өсімдіктерді қорғай,аялай білуге тәрбиелеу. | |
| 31. | «Ақсақ құлан»аңыз | «Ақсақ құлан»аңызының мазмұнын түсіндіру,балалардың қорларын байыту,аңшылық туралы ұғымдарын кеңейту,хайуанаттарға қастық жасамауға тәрбиелеу. | |
| 32. | Ата заң. | Балаларға Конституция-біздің мемлекетіміздің негізгі заңы. Бұл-Қазақстан азаматтарының қоғамда өмір сүру ережелерін айтып әңгімелеу. Тәуелсіз Қазақстанның негізгі тұңғыш Конституциясы 1993 жылы 28 қаңтарда,1995 жылы 30 | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | тамызда қабылданғаны туралы кеңірек түсіндіру. | |
| 33. | Сүйікті қалам.Сурет бойынша әңгіме. | Республика,Отан,туған ел,туған жер, «елін қорғаған ер»сөздерінің мәнімен мағынасын түсіндіру. Балалрды Отанға,Туған елге,жерге ұлт намысын қорғаған ерлерге деген сыйластықты қалыптастыру. | |
| 34. | «Достық мерекесі» | «Достық мерекесі» өлеңін мәнерлеп оқу,сөз мағыналарын түсіндіру. Өлең мазмұнын айтқызу арқылы қайталай отырып жаттату. Достық сезімдерін ояту. Отанын сүйе білуге тәрбиелеу. | |
| 35. | «Бабалар өмірі-ұрпаққа өнеге» | Балаларды жақсы өнегеге тәрбиелеу. Еліміздің өткенімен бүгінгі ісіне ілтипатпен қарауға,еліне деген сүйіспеншіліктерін арттыруға,ақылдың кені данышап даналардың мәнді сөздерін түсіндіру. | |
| 36. | Батыр қыз.Жаттау. С.Жиенбаев | Балаларға Әлия Молдағұлова апамыздың Ақтөбе облысы,Қобда өңірінде дүниеге келгенін,соғыс басталғанда Ленинградта болғанын,мергендігімен ерлік көрсеткені туралы әңгімелеу. | |